



«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҰСАҚ ДАУ-ДАМАЙЛАР СОТЫ

14 желтоқсан 2021 жыл

CASE No: AIFC-C/SCC/2021/0006

«СНАБИНВЕСТГРУПП» ЖШС

Талап қоюшы

және

«БЕРКЕНОВ ИЛЬДАР ЖАМБУЛОВИЧ» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫ

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Чарльз Баннер QC

БҰЙРЫҚ

1. Талап қарауға қабылданды.
2. Жауапкер Талап қоюшыға осы Бұйрық шығарылған сәттен бастап 28 күннің ішінде 9 553 666 теңге төлеуі тиіс (бұрын төленген 9 713 000 теңге мөлшеріндегі негізгі борышқа қосымша).
3. Тараптар бұл іс бойынша шығыстарды өздері көтереді.

ШЕШІМ

Кіріспе

1. Осы талап Талап қоюшы (Шартта «Сатушы» деп аталатын) мен Жауапкер (Шартта «Сатып алушы» деп аталатын) арасында 9 713 000 теңге сомасына жасалған, өсімдіктерді қорғауға арналған, түрі мен саны Шартта көрсетілген химикаттар сатып алу-сату жөніндегі 2020 жылғы 30 маусымдағы № 29/06-30 сатып алу-сату шарты деп аталатын шарттан туындайды (**«Шарт»**),
2. Шартқа қоса берілген және 2020 жылғы 30 маусым күні қойылған тауарларды қабылдау-табыстау актісі химиялық заттар Талап қоюшыдан Жауапкерге осы күні «тараптармен бұдан бұрын келісілген санымен және сапасымен» табысталғанын растайды.
3. Келісімнің 4.6 тармағы Жауапкерді 9 713 000 теңге мөлшеріндегі толық соманы 2020 жылғы 1 қарашаға дейін төлеуге міндеттеген. Тараптар Жауапкер мұны істеген жоқ деген пікірге келеді. Салдары ретінде, Талап қоюшы Жауапкерге осы талапты қойды.

Процедуралық негіздер

4. Келісімнің 7.2 тармағында келісім бойынша даулар «Қостанай облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі» деп көрсетілген.
5. Осы тармаққа сәйкес 2021 жылғы 4 тамызда Талап қоюшы Қостанай облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына Жауапкерге қатысты талапты берді (іс нөмірі: 3971-21-00-2 / 2521).
6. 2021 жылғы 24 тамызда Талап қоюшы мен Жауапкер істерді табыстауға Өтініш-Келісімге қол қойды, онда олар Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында іс бойынша өндірісті тоқтатуға және АХҚО Соты бұл істі қабылдау шешімін қабылдаса, істі АХҚО Сотына беруге келісті.
7. 2021 жылғы 24 қыркүйектегі бұйрықпен АХҚО Сотының Төрағасы Лорд Манс АХҚО Соты дауға қатысты юрисдикцияға ие екенін және оны жүзеге асыратынын хабарлады. Бұл бұйрық төменде, осы Шешімге 1-қосымшаға енгізілген.
8. 2021 жылғы 15 қазанда Талап қоюшы АХҚО Сотына талап арыз берді.

9. Талап арызда мәлімделген талаптың сомасы (төмендегі 11 параграфты қараңыз) АХҚО Сотының Қағидаларының 28.2 (1) Қағидасымен белгіленген қаржылық шектен төмен болып табылады. Сонымен, талап АХҚО Ұсақ даулар сотының («ҰДС») юрисдикциясына жатады.
10. АХҚО Сотының 28.39 бабына сәйкес, ҰДС дауды тыңдаулар өткізусіз қарай алады. Бұл құқықты пайдалану-пайдаланбау туралы мәселені қарағанда, Сот тараптардың пікірлерін, сонымен қатар АХҚО Сотының Қағидаларының 1-бөліміндегі негізгі мақсатты ескереді. Талап арыздың 5-бөлімінде Талап қоюшы сотта іс қарау ауызша тыңдау өткізусіз, құжаттарды қараудың негізінде өткізілуін сұрады. Жауапкер бұл өтінішті даулаған жоқ. Бұл жағдайларда және бірінші дәрежелі мақсатты ескерумен, Сот дауды әділ қарау үшін тыңдау қажет болып табылмайды деп санайды. Сондықтан ол дауды құжаттарды қараудың негізінде қарауға кірісті.

Сот қарайтын мәселелер

11. Талап арыздың 2-тарауына сәйкес (Талап қою бойынша егжей-тегжейлі мәліметтер) Жауапкердің Талап қоюшыға:
- 1) 9 713 000 теңге негізгі борышты;
 - 2) Талап қоюшы Келісімнің 5.2 тармағына және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің («ҚР АҚ») 293-296 баптарына сәйкес көрсеткен 9 553 666 теңге мөлшеріндегі айыппұл; және
 - 3) Сотта іс қарауда заңгерлік өкілдікке жұмсалған 1 700 000 теңге мөлшеріндегі шығыстарды төлеуі тиіс.
12. 2021 жылғы 22 қазанда Жауапкер қысқаша қорғаумен таныстырды, онда былай деп айтылды:
- 1) ол 9 713 000 теңге мөлшеріндегі негізгі борышты төлеу міндеттемесін және «төлемнің кешіктірілуі ... бүкіл экономикада пандемияның салдарынан қалыптасқан ауыр қаржылық ахуал салдарынан орын алғанын» қабылдады;
 - 2) айыппұл Талап қоюшының шығындарымен салыстырғанда өте үлкен болуы; және
 - 3) істің аса күрделі болмағандығын ескерумен шығыстарды өтеуді талап ету шектен тыс үлкен болуы негізінде, ҚПК 297-бабына сәйкес айыппұл 50 000 теңгеге дейін азайтылуы тиіс
13. 2021 жылғы 11 қарашада Соттың бастамасы бойынша берілген жауапта Талап қоюшы Жауапкер айыппұлды азайту пайдасына ешқандай дәлелдер бермеді және талап етіліп отырған сот шығындары талаптың құны мен күрделілігіне өлшемдес болды деп сендірді.
14. Сот Жауапкерге Талап қоюшының позициясына жауап беру мүмкіндігін ұсынды, ол мұны 2021 жылғы 22 қарашада берілген қосымша қысқаша ұсынымдар арқылы істеді, онда қорғаудың аргументтері қайталанды.
15. Бұдан кейін Сотқа Жауапкердің 2021 жылғы 8 желтоқсандағы хаты келді, онда негізгі борыш 2021 жылғы 25 қарашада төленгені айтылды және бұның дәлелі ретінде Талап қоюшыға 9 713 000 теңге аударылғанын куәландыратын төлем сертификаты қоса берілді.
16. Сот Талап қоюшыға 2021 жылғы 13 желтоқсан күнгі Нұр-Сұлтан уақыты бойынша 18:00-ге дейін бұл

хатқа жауап беру мүмкіндігін берді. Жауап алынған жоқ.

Мәселелерді қарау

(i) Негізгі борыш

17. Жауапкер 9 713 000 теңге мөлшеріндегі негізгі борыш бойынша жауапкершілікті мойындады. Ол бұл соманы Талап қоюшыға 2021 жылғы 25 қарашада төлегенінің дәлелдерін ұсынды. Бұл дәлелдерді Талап қоюшы даулаған жоқ және Сот оларды қабылдайды.
18. Тиісінше, талаптың бұл элементі Соттың анықтамасын бұдан былай қажет етпейді.

(ii) Айыппұл

19. Шарттың 5-тармағының тақырыбы «ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ» деп аталған. 5.2 тармақта былай делінген:
- «Тауардың ақысын уақтылы төлемегені үшін Сатып алушы Сатушыға төлем мерзімі кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін төленбеген Тауар құнының 0,5%-ы мөлшерінде, бірақ 100%-ынан аспайтын айыппұл төлейді».
20. Жоғарыда аталып көрсетілгендей, Келісімнің қолданылатын құқығы Қазақстан Республикасының құқығы болып табылады. Тараптарға ҚР АҚ 293-298 баптарының ерекше маңызы бар болып көрінеді. Оларда мыналар қарастырылған:

«293-бап. Айып төлеу ұғымы

Борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес

294-бап. Айып төлеу туралы келісімнің нысаны

Айып төлеу туралы келісім, негізгі міндеттеменің нысанына қарамастан, жазбаша түрде жасалуға тиіс.

Жазбаша нысанды сақтамау тұрақсыздық айыбы туралы келісімнің маңызсыздығына алып келеді.

295-бап. Заңды айып төлеу

1. Несие беруші тараптардың келісінде айып төлеу міндеті көзделген-көзделмегеніне қарамастан, заңдарда белгіленген айып төлеуді (заңды айып төлеуді) талап етуге құқылы.

2. Егер заңдарда тыйым салынбаса, тараптардың келісімімен заңды айып төлеу мөлшері көбейтілуі мүмкін

296-бап. Айып төлеу мөлшері

Айып төлеу мөлшері нақты ақша сомасында немесе орындалмаған не тиісінше орындалмаған міндеттеме сомасына шаққандағы процентпен белгіленеді.

297-бап. Тұрақсыздық айыбының мөлшерін азайту

Егер төленуге тиісті тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) кредитордың шеккен залалдарымен салыстырғанда тым көп болса, сот борышкердің талабы бойынша борышкердің

міндеттемені орындау дәрежесін және борышкер мен кредитордың назар аударуға лайықты мүдделерін ескере отырып, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайтуға құқылы.

298-бап. Айып төлеуді өндіріп алу негіздері

Міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады (осы Кодекстің 359-бабы).»

21. Жауапкер негізінде ол бұрын төленген негізгі борышқа Келісімнің 5.2 тармағына және ҚР АҚ 293-298 баптарына сәйкес қосымша айыппұл төлеуге міндетті екенін дауламайды. Дау айыппұл сомасына қатысты болып табылады.
22. Талапкер Шарттың 5.2-тармағына сәйкес талап етілген соманы 9 553 666 теңге мөлшерінде есептеді. Жауапкер бұл 5.2 тармақтағы формула қолданылған дұрыс сома екенін дауламайды. Алайда, Жауапкер 297-бапқа сәйкес бұл сома 50 000 теңгеге дейін төмендетілуі тиіс деп сендіреді. Талапкер кез келген азайтуға қарсылық білдіреді.
23. 297-бап сілтеме жасайтын ой-пікірлерді назарға алып, Сот айыппұлдың мөлшерін төмендетуден бас тартады. Бұл мына себептер бойынша орын алып отыр:
 - 1) Тараптар айыппұл есептелетін формуланы Шарттың 5.2 бабы бойынша келіскені және мәлімделген 9 533 665 теңге мөлшеріндегі сома осы келісілген формулаға сәйкес есептелгені бастапқы нүкте болып табылады.
 - 2) Талап қоюшы өзінің жауабында атап көрсеткендей, Жауапкер бұл соманы төмендетуге негіз ретінде ешқандай елеулі дәлелдер ұсынған жоқ. Оның қарсылықтары мен одан кейінгі хат алмасуында жасалған пайымдаулар негізсіз пайымдаулардан басқа ешнәрсе болып табылмайды.
 - 3) Сот Жауапкердің айыппұл 297-бапқа сәйкес «төлемнің кешіктірілуі ... бүкіл экономикада пандемияның салдарынан қалыптасқан ауыр қаржылық ахуал салдарынан орын алғаны» (жоғарыдағы 12(1) тармақты қараңыз) негізінде азайтылуы тиістігі туралы пайымдауын қабылдамайды. Жауапкер оның пандемия салдарынан 2021 жылғы 25 қарашаға дейін негізгі борышты төлеуге шынында да жағдайы жоқ болғанының ешқандай дәлелдерін ұсынған жоқ. Сот бұл пайымдауды растаушы дәлелдерсіз қабылдауға дайын емес. Талап қоюшы да пандемиядан, соның ішінде және/немесе оған Жауапкерден тиесілі төленбеген сома түрінде күрделенуден зардап шегуі мүмкін болды. Тиісінше, дәлелдер жоқ болған жағдайда, пандемияның әсер етуі тараптардың тиісті мүдделерін қараған кезде бейтарап фактор болып табылады. Бұдан басқа, тараптар Келісімнің 6-тармағында форс-мажор туралы ережені келісті және Жауапкер бұл істің мән-жайларында олар пандемияның салдарымен байланысты деп болжамайды. Жауапкердің Келісімнің 5.2 тармағына сәйкес төлеуге жататын соманы азайту үшін пандемияға сілтеу жасауы, сәтті болған жағдайда, тараптар белгілеген форс-мажор ережесін бұзар еді.
 - 4) Жауапкер қазіргі уақытта негізгі борышты төлеп болғанымен, ол мұны төлем мерзімі келгеннен кейін бір жылдан соң ғана және Талап қоюшы сотта іс қарауға мәжбүр болғаннан кейін үш айдан соң істеді. Жауапкер ақыры төлем жасаған кезде, сотта іс қарау аяқталып та болған.

(iii) Шығыстар:

24. Талаптың үшінші және соңғы элементі – Талап қоюшының 1 700 000 теңге мөлшеріндегі сот шығыстары.
25. Ұсақ даулар сотында іс қарау барысында шығыстарды өтеу мүмкіндігі АХҚО Соты Регламентінің 26.9 Қағидасымен реттеледі, онда былай делінген:
- «ҰДС ұсақ дау тарапына басқа тарапқа:
- (1) басқа тарап төлейтін кез келген сот шығындарының ҰДС орынды деп санайтын бөлігін; сонымен қатар
- (2) ҰДС жиынтық процедура мен тәртіп бойынша бағалай алатын және негізсіз әрекет еткен тарап төлеуі тиіс болған қосымша шығыстарды қоспағанда, шығындар, алымдар мен шығыстарға, оның ішінде олардың апелляциямен байланыстыларына қатысты сомаларды төлеуге бұйрық бере алмайды».
26. Талап қоюшы осы іс бойынша сот алымын төлеуге міндетті болған жоқ.
27. Осы іс қараудың барысында Жауапкердің өзін қисынсыз ұстағаны туралы қорытынды жасау үшін Соттың негіздері жоқ. Талап қоюшы мұндай қылық туралы мәлімдемейді.
28. Тиісінше, 26.9 қағиданы қолдана отырып, шығыстарды ұйғару үшін негіздер жоқ.

Қорытынды

29. Талап қабылданады. Сот Жауапкерді Талап қоюшыға 9 553 666 теңге мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттейді, ол 28 күн ішінде төлеуге жатады. Бұл бұрын төленіп қойылған 9 713 000 теңге негізгі борышқа қосымша болып табылады. Шығыстар туралы шешім шығарылмайды.

Сот қабылдады,



Судья Чарльз Баннер QC,
АХҚО Соты



Өкілдік:

Талап қоюшы атынан Әміров Нұржан Амантайұлы мырза өкілдік етті.

Жауапкер атынан Шокобапинов Жұмаш Әбдірахимұлы мырза өкілдік етті.

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯ СОТЫ
ТӨРАҒА, МӘРТЕБЕЛІ ЛОРД МАНС

24 қыркүйек 2021 жыл

№: AIFC-C/CFI/2021/0006 ic

«СНАБИНВЕСТГРУПП» ЖШС

Талап қоюшы

және

«БЕРКЕНОВ ИЛЬДАР ЖАМБУЛОВИЧ» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫ

Жауапкер

БҰЙРЫҚ

1. 2018 жылғы 9 қаңтарда күшіне енген 2017 жылғы 22 желтоқсандағы түзетулермен қоса, 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 438-V «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» («АХҚО») Конституциялық Заңның 13-бабына және АХҚО Сотының 2017 жылғы 5 желтоқсандағы Регламентінің 26 (1)(с) және (3) Қағидасына сәйкес, АХҚО Соты тараптардың келісуімен Сотқа берілген кез келген дауларға қатысты айрықша юрисдикцияға ие.
2. АХҚО Соты Регламентінің 26 (9) және (10) қағидаларында мыналар көзделген:
 - 26(9): «Даудың Сот юрисдикциясына жататын-жатпайтынына қатысты кез келген даулы істі Сот анықтайды, оның шешімі түпкілікті болып табылады.»

26(10): «Сот Соттың юрисдикцияға ие болуына тараптардың тікелей келісімін қарастырады және егер Сот мақсатқа сай немесе сәйкесті деп санаса, өзінің юрисдикциясынан бас тарта алады немесе дауды Қазақстан Республикасының басқа сотына жолдай алады».

3. 2021 жылғы 4 тамызда Талап қоюшы Қостанай облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына № 3971-21-00-2 / 2521 іс бойынша Жауапкерге талап арыз берді. Бұл сот дауды мәні бойынша қараған жоқ және ол бойынша ешқандай шешім шығарған жоқ.
4. Талап қоюшы мен Жауапкер 2021 жылғы 24 тамызда Істерді беруге келісім нысанына қол қою жолымен аталған Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттағы іс бойынша өндірісті тоқтатуға және, егер істі АХҚО соты қабылдаса, істі АХҚО Сотына беруге келісті.
5. Істерді беруге келісім нысанынан туындайтындай, Талап қоюшының талабы, мәлімделгендей, өсімдіктерді қорғайтын химиялық құралдарды сатып алу-сату шарты бойынша төленуі тиіс болған сомаларға және мұндай сомалардың белгіленген тәртіпте төленбегеніне, сонымен қатар технологиялық агенттің көрсеткен қызметтеріне қатысты болып табылады, ал Жауапкер мұндай талаптардың бәрін немесе кейбірін мойындамайды.
6. Жоғарыда баяндалған мәселелерді, соның ішінде тараптардың АХҚО сотының юрисдикциясымен және даудың сипатымен тікелей келісуін қарап, Мен бұл іс АХҚО Сотына беруге және оның анықтауына келетінін атап өтемін.
7. Осыған байланысты, мен АХҚО Соты бұл іске қатысты юрисдикцияға ие екендігін және оны жоғарыда көрсетілген 1 және 2 тармақтарда жазылған ережелерге сәйкес жүзеге асыратынын мәлімдеймін.

Бірінші Инстанция
Соты қабылдады,

A handwritten signature in blue ink, appearing to read "Lord Mans".

Лорд Манс
Төраға, АХҚО Соты

